



АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 26 наурыз

2018 жылғы 16 наурыздан 23 наурыз аралығындағы жекелеген дамушы елдердің¹ валюталары бойынша шолу

20 наурыздағы сауда-саттық қорытындылары бойынша **теңгенің нарықтық бағамы** бір аптаның ішінде 0,7%-ға (322,72-ден) нығайып, бір АҚШ доллары үшін 320,34 теңге деңгейінде қалыптасты.

Сыртқы валюта нарығында 2018 жылғы 16 – 23 наурыз аралығындағы кезеңде ФРЖ-дің негізгі мөлшерлемесін 0,25%-ға көтеру және Англия Банкінің ақша-кредит саясатын сақтауы туралы шешімдер, ФРЖ орталық банктері және Англия Банкі төрағаларының монетарлық саясатқа және экономиканың өсуіне қатысты түсініктемелері, Д.Трампың Қытайдан келетін импортқа жаңа тарифтер енгізу туралы президенттік меморандумға қол қоюы, АҚШ-та ұзақ пайдаланылатын тауарларға сұраныстың өсуі туралы деректерді жария ету ең маңызды оқиғалар болды. Осы факторлар әлемдік нарықтарда АҚШ долларының аздап әлсіреуіне әкелді.


Дамушы елдер² валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдары былайша қалыптасты:

- **түрік лирасы** Д. Трамп бастама жасаған сауда соғысының ықтимал салдарына қатысты инвесторлардың қобалжуы аясында 1,5%-ға (3,92-ден 3,98-ге дейін) әлсіреді;
- **Бразилия реалы** Бразилия Орталық банкінің жұмсақ ақша-кредит саясатын жүргізуді жалғастыру жөніндегі күтулерінің аясында 0,9%-ға (3,28-ден 3,31-ге дейін) әлсіреді;
- **Индонезия рупиясы** 0,2%-ға (13 751-ден 13 782-ге дейін) әлсіреді;
- **үнді рупиясы** апта бойы бір АҚШ доллары үшін 64,94 – 65,01 деңгейдегі шекте айтарлықтай өзгеріссіз сатылды;
- **Ресей рублі** Ресей Орталық банкінің базалық мөлшерлемені 0,25%-ға төмендету туралы шешіміне қарамастан, 0,4%-ға (57,52-ден 57,30-ға дейін) нығайды;
- **Мексика песосы** Еркін сауда туралы Солтүстік Атлант келісімін қайта қарау жөніндегі келіссөздерді ілгерілетуге қатысты ресми адамдар түсініктемелерінің аясында 0,9%-ға (18,69-ден 18,53-ке дейін) нығайды;
- **Оңтүстік Африка ранды** Moody's кредит агенттігінің елдің тәуелсіз рейтингін ағымдағы Баа3-дан жағымсыз тұрақтыға қайта қарау аясында 1,9%-ға (11,98-ден 11,75-ке дейін) нығайды.

¹ шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дереккөздердің негізінде апта сайын дайындайды

² АҚШ долларына қатысты көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары

**Дамушы елдер валюталарының АҚШ долларына қатысты бағамдарының
өзгеруі, %
(2018 жылғы 26 -23 наурыз)**



Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz